

Шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Құмжиек ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 26 сәуірдегі N 02 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 20 мамырда N 4449 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Құмжиек ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы N 03 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Құмжиек ауылдық округі әкімінің 20.12.2013 N 03 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2013 жылғы 15 сәуірдегі N 8-16-122 ұсынысына сәйкес, ауылдық округтің әкімі

Ш Е Ш Т І :

1. Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, Қашақбай Пірімов және Мәдениет ауылдарында ұсақ малдарының арасында бруцеллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Б.Тлеукабыловқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ ұ м ж и е к а у ы л д ы қ
округінің әкімі *Т. Сермаханов*

К Е Л І С І Л Д І

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторы

М. Дүйсен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК